БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
СЫРЫМ АУДАНЫ
ЖЫМПИТЫ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ЖЫМПИТИНСКОГО СЕЛЬСКОГО
ОКРУГА СЫРЫМСКОГО РАЙОНА
ЗАПАДНО КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

**ӨКІМ**

2022 жылғы 03 қарашадағы

Жымпиты а.

**РАСПОРЯЖЕНИЕ**

№ 42 н/қ

п. Жымпиты

**Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 04 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 39-бабының 3-тармағы 4-тармақшасын басшылыққа ала отырып, Жымпиты ауылдық округ әкімі аппаратының бу қазандығына жауапты оператор Б.Жагиевтің 2022 жылғы 03 қарашадағы қызметтік жазбасына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Жымпиты ауылдық округ әкімі аппараты бу қазандығының істен шығуына байланысты, шұғыл жөндеу үшін мемлекеттік сатып алу шартын тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.
2. Округ әкімі аппаратының бас маман есепшісі Б.Камалиева осы өкімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы өкімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Негіздеме: Б.Жагиевтің қызметтік жазбасы.

**Ауылдық округі әкімі** **М.Кайргалиев**